

ЕСЕП

8D014 «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» (6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандықтары) дайындау бағыты бойынша диссертациялық кеңестің жұмысы туралы 2022 жылға арналған

I. 8D014 «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» (6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы) даярлау бағыты бойынша С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде, № 284-Н 31.05. 2021 ж. бұйрығымен диссертациялық кеңес құрылған.

Диссертациялық кеңестің төрағасы педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мусалимов Теміржан Құлмұханбетұлы.

1. Өткізілген отырыстар саны туралы мәліметтер.

Есепті жылы 5 отырыс өткізілді, оның ішінде 2 қорғауға қабылдауға, 2 диссертация қорғауға арналған, 1 қайта пысықтауға арналған.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелері - жоқ.

3. Оқытуды ұйымдастыруды көрсететін докторанттар тізімі.

Парманкулова Перизат Жаксылыковна

Септемирова Аяулым Жомартқызы

Докторанттың Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Докторант оқыған ЖОО	Шифр, мамандығы	Қорғаған күні	ҒиЖБ М Сапаны қамтамасыз ету комитетінің шешімі, бұйрықтың күні мен №
Парманкулова Перизат Жаксылыковна	«М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ	6D012000 – «Кәсіптік оқыту»	28.06. 2022	1. ҒиЖБ М Сапаны қамтамасыз ету комитетінің шешімімен пысықтауға жіберілді, №346 бұйрығы 17.08.2022ж. 2. ҒиЖБ М Сапаны қамтамасыз ету комитетінің шешімімен философия докторы (PhD) дәрежесі берілді, №83 бұйрығы 23.11.2022 ж.
Септемирова Аяулым Жомартқызы	«М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ	6D012000 – «Кәсіптік оқыту»	28.06. 2022	ҒиЖБ М Сапаны қамтамасыз ету комитетінің шешімімен философия докторы (PhD) дәрежесі берілді, №366 бұйрығы 20.08.2022 ж.

4. Есепті жыл ағымында кеңесте қарастырылған диссертацияларға қысқаша талдау

4.1 Қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау

Phd докторы дәрежесін алу үшін диссертациялар білім беру саласындағы кәсіптік оқыту бейіні бойынша орындалды.

1. П.Ж.Парманкулованың «Дуальды оқыту жүйесінде болашақ мұғалімдерді инклюзивті білім беруге дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» дуальды оқыту жүйесінде болашақ мұғалімдерді инклюзивті білім беруге дайындау мәселесінің жеткілікті зерттелмегенін көрсетті. Осыған байланысты дуальді білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерді инклюзивті білім беруге дайындаудың әдістемелік жүйесі, ерекшеліктері, педагогикалық шарттары, формалары мен әдістері, инклюзивті білім беруді қашықтықтан ұйымдастыру өзекті мәселе болып табылады. Сондықтан болашақ мұғалімдерді дуальді білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруге дайындау ғылыми зерттеуді қажет етеді.

2. А.Ж.Септемированың «Болашақ педагогикалық бағыттағы магистрлердің креативті іс-әрекетін қалыптастыру» тақырыбындағы ғылыми зерттеулері жоғары оқу орнының педагогикалық бағыттағы магистранттардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыру мәселесін ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеу және әдістемелік аспектілерін дамыту болып табылады.

Болашақ шеберлер үнемі өзгеріп отыратын ортада көптеген мәселелерді шешуі керек, бұл талап етеді: олардың қажеттіліктері мен мүдделерін жүйелі түрде бағалау, басқа ақпарат көздерін табу, жаңа стандартты емес шешімдер қабылдау, дамыған шығармашылық, шығармашылық ойлау, ақпараттық және коммуникациялық құзыреттілік, жоғары деңгейдегі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі ғылыми педагогикалық мәселелерді шешуге ықпал ететін кәсіби-педагогикалық біліктілік.

4.2 Диссертация тақырыбының ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сондай-ақ республикалық мақсатты және өңірлік ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалармен байланысы

1. П.Ж.Парманкулованың диссертациялық жұмысы ғылымды дамытудың келесі басым бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес орындалды:

-217 «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасының 102 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» бағытында орындалған 3149/ГФ4 «Техникалық және кәсіби білім беру жүйесінде болашақ мамандарды дуальды оқытуға даярлау процесін жетілдірудің ғылыми-педагогикалық негіздері» жобасы шеңберінде;

-«Кәсіптік оқыту» кафедрасының 2015-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бюджеттен тыс Б-16-10-15 «Болашақ мамандарды дуальды оқыту негізінде кәсіби даярлау» зерттеу тақырыбына (№5 хаттама, 18.12.2015ж.).

4.3 Қаралған жұмыстың ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейіне, нақты жұмыстар нәтижелерін кеңінен енгізу жөніндегі ұсыныстарға талдау.

1. П.Ж.Парманкулованың зерттеу нәтижелерін техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері мен ЖОО-да болашақ маман даярлауда және біліктілікті арттыру курстарында, кәсіби білікті жұмысшы мамандарды даярлау жүйесінде пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша авторлық бірлестікте жазылған барлығы 29 ғылыми жұмыс жарық көрген. Оның ішінде 2 мақала, біреуі Scopus деректер базасында индекстелетін CiteScore бойынша процентилі 33 болатын ғылыми журналда, 5 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БҒСБК) ұсынған ғылыми басылымдарда, 3 мақала шетелдік базаларда индекстелетін ғылыми журналдарда, 13 мақала республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар, 2 мақала республикалық ғылыми-педагогикалық дөңгелек үстел жинақтарында, 1 мақала бұқаралық ақпараттық құралы -газет бетінде жарияланды. Сонымен қатар 1 оқу құралы, 1 оқу-әдістемелік құрал, 1 электрондық оқу құралы жарық көрді, осы оқу құралдарына 2 авторлық куәлік алынды. 7M01450 – «Кәсіптік оқыту» мамандығының білім беру бағдарламасы және оқу бағдарламасы мен оқу-әдістемелік кешені дайындалып бекітілді. Ендіру актілері бар.

2. А.Ж.Септемированың диссертациялық зерттеуде қол жеткізілген нәтижелер мен олардың негізінде жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды зерттеу материалдарын жоғарыдан кейінгі білім беру ұйымдарында магистранттарды ғылыми-педагогикалық даярлау үдерісінде, кәсіби біліктілігін жетілдіру орталықтарында және қосымша білім беруде пайдалануға болады.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша барлығы 11 еңбек жарық көрді. Соның ішінде 3 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 – Scopus, Thomson Reuters базасына енген шетелдік басылымда, 7 – халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында және ғылыми басылымдарда жарияланды.

5. Рецензенттер жұмысын талдау

«Дәрежелер беру ережесі» талаптарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында әрбір рецензентке диссертациялық зерттеудің рецензиясының мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар жазылған жадынама жіберілді. Барлық ресми рецензенттер докторанттардың диссертация жұмыстарына ұсынылған тармақтар бойынша және белгіленген мерзімде өз пікірлерін білдірді. Ешқандай теріс пікір алынған жоқ.

1. П.Ж.Парманкулованың жазған диссертациясы мен жарияланған жұмыстарын зерделеу негізінде ресми рецензенттер: п.ғ.д., профессор К.М.Беркимбаев және PhD А.Т.Туралбаева диссертациялық кеңеске жазбаша пікірлерін ұсынып және ғылыми жұмысты зерделеуде өздерінің жоғары кәсіби деңгейін көрсетті.

2. А.Ж.Септемированың жазған диссертациясы мен жарияланған жұмыстарын зерделеу негізінде ресми рецензенттер: PhD Б.К.Сақтағанов және педагогика ғылымдарының кандидаты М.К.Бұлақбаева диссертациялық

кеңеске жазбаша пікірлерін ұсынып және ғылыми жұмысты зерделеуде өздерінің жоғары кәсіби деңгейін көрсетті.

Ресми рецензенттердің жұмысына ешқандай ескертулер жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

1. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және докторантты даярлау бағыты бойынша ресми рецензенттерді тиімді іздеу үшін ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті базасында отандық ғалымдардың республикалық платформасын құру қажет.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

	Мамандық
	6D012000 - «Кәсіптік оқыту»
1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	2
2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының);	-
3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	1
6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-

Ескерту:

Диссертациялық кеңестің ашылуы 22.11.2019 жылдың 831-Н бұйрығы және аяқталуы 30.06.2022 жыл.

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Т.К. Мусалимов

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы



М.Д. Есекешова